22-1. Арнайы қаржы компаниясы облигациялар шығарған жағдайда аффилирлігін таныту үшін негізді және туындау күнін көрсетіп, секьюритизация мәмілесі тарапының аффилирлігі туралы ақпарат ашылады

- «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ арнайы қаржы компаниясы емес.

4. Эмитент қызметінің сипаттамасы

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, соның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаттама

23.1. Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

- Қазақстанның банк секторы қаржы рыногының дамыған секторы болып табылады. Шағын және орта бизнеске қызмет көрсететін орташа банктер Банктің негізгі бәсекелестері болып табылады.

23.2. Эмитент қызметінің Қазақстан Республикасының ішіндегі орта салалық көрсеткіштермен және орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттамасы

2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республиканың банктік секторы 34 екінші деңгейлі банкпен танытылған, олардың ішінде 14-і шетелдіктердің қатысуымен (соның ішінде 9 еншілес банк – Қазақстан Республикасының резиденттері емес).

2006 жылғы 1 тамызда банктік сектордың жиынтық есеп жеке мншік капиталы - 809,6 млрд. теңге, бұл жыл басынан 224,4 млрд. теңгеге немесе 37,9% ұлғайды.

Жыл басынан бері банктердің жиынтық активтері 1 191,3 млрд. теңгеге (26,4%), 5 706,4 млрд. теңгеге дейін құлғайтылды.

2006 жылғы жеті ай ішінде банктердің несие портфелі (банк аралық заемдерді есепке ала отырып) 879,5 млрд. теңгеге (28,7%) 3 941,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі - 58,3%, күмәнді – 39,3%, үміт үзілген – 2,4% болды. Мұнда 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттер - 58,2%, күмәнді – 39,5%, үміт үзілген – 2,3%.

Банктердің заңды және жеке тұлғадардан тартқан салымдарының жалпы сомасы (банктер мен халықаралық қаржы ұйымдарын қоспағанда) 3 208,0 млрд. теңге болды, бұл жыл басынан бері 27,2% ұлғайды, соның ішінде заңды тұлғалардың салымдар – 2 438,6 млрд. теңге, ол жыл басынан бері 23,1 % ұлғайды, жеке тұлғалардың салымдар сомасы – 769,4 млрд. теңге, 28,9 % өсті.

Екінші деңгейлі кірістердің жиынтық сомасы 2006 жылғы қаңтар-шілде ішінде 452,6 млрд. теңге болды, бұл өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 78,2% көп. Осы кезең ішінде екінші деңгейлі банктердің шығындар сомасының жиынтық сомасы 385,1 млрд. теңге болды, өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 84,3% көп.

Банктердің бөлінбеген таза кірісі (жабылмаған шығын) - 67,5 млрд. теңге, бұл өткен жылғы осы кезең ішіндегі осы көрсеткіштен 52,7% жоғары.

23.3. Саланың болашақта дамуына және эмитенттің осы саладағы жағдайына қатысты болжам

- 2006 жылғы 01 шілдедегі банктердің жиынтық активтеріндегі Банктің үлесі - 0,25%; 2006 жылғы 01 қаңтарда - 0,23%; 2005 жылғы 01 қаңтарда – 0,2%. Қазақстандағы экономикалық жағдайдың жақсаруына қарай Банктің негізгі қаржы көрсеткіштерінің: активтердің, капиталдың, міндеттемелердің өсуі байқалады. Банк секторының жалпы даму үрдісі байқалады, жыл сайын банктердің жиынтық активтері орташа алғанда 1 820 млрд. теңгеге өсуде. Банк секторы тікелей республикағы экономиканың дамуына әсер етеді. 2006 жылғы 01 шілдедегі жиынтық банк активтерінің ЖІӨ қатынасы 63,1% болды.

24. Эмитент жасаған, нәтижесінде эмитенттің қызметіне қомақты әсер етуі ықтимал келісім-шарттар туралы мәліметтер

- Банк нәтижесінде өз қызметіне қомақты әсер ететін келісім-шарттар, келісімдер жасаған емес.
- 25. Құжат күнін, нөмірін, жарамдылық мерзімін, осы құжатты берген органды көрсетіп, эмитенттің қызмет атқару үшін алған лицензиялары, патенттері, рұқсаттары туралы мәліметтер**
- «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі ұлттық және штел валютасында банк заңнамасымен қарастырылған операцияларды жүргізуге 2006ж. 15 маусымда берген №232 лицензияның негізінде қызмет атқарады.
 - «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі номиналды ұстаушы ретінде клиенттерінің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметпен айналысуға 2004ж. 20 тамызда берген №0401100862 лицензиясы бар.
- 26. Соңғы екі жыл ішіндегі немесе нақты қызмет атқарған кезең ішіндегі таратылған өнімдердің (көрсетілген жұмыстардың, қызметтердің) нақты немесе сандық өлшем бірліктерінде қабылданған көлемдері**

тыс. теңге

Көрсетілген қызметтер көлемі	2004	2005
Кредит беру, жалпы	5 662 313	7 640 613
<i>Соның ішінде:</i>		
Банктерге	-	-
Заңды тұлғаларға (банктерден басқа)	5 475 457	7 464 879
Жеке тұлғаларға (халыққа)	186 856	175 734
Сауда қаржыландыру, жалпы	32 640	649 905
<i>Соның ішінде:</i>		
Кепілдіктер	32 640	649 905
Аккредитивтер	-	-
Есеп-кассалық қызмет, жалпы	24 957 004	69 601 753
<i>Соның ішінде:</i>		
Заңды тұлғалардың төлемдерін аудару	24 957 004	69 601 753
Жеке тұлғалардың ақша аударымдары		
Конверсиялау бойынша қызметтер	49	
Басқа		
Брокерлік-дилерлік қызметтер, жалпы	6 117 486	29 729 726
<i>Соның ішінде:</i>		
Клиенттердің тапсыруымен валюталар сатып алу	6 115 162	28 490 420
Клиенттердің тапсыруымен валюталар сату	2 324	1 239 306
Клиенттердің тапсыруымен бағалы қағаздар сатып алу		
Клиенттердің тапсыруымен бағалы қағаздар сату		
Депозиттер тарту, жалпы	3 025 548	4 667 647
<i>Соның ішінде:</i>		
Банктерден	831 000	1 138 500
Заңды тұлғалардан (банктерден басқа)	2 194 548	3 529 147
Жеке тұлғалардан (халықтан)	-	-
Басқа қызметтер	-	-

- Банк көрсетілген қызметтер көлемін өсіруде, ұсынылатын қызмет түрлерін кеңейтіп, сапасын жақсартуда. 2005 жыл қорытындылары бойынша кредит беру салсында көрсетілетін қызметтер қомақты өсті. Осылайша заңды тұлғаларға берілген кредиттер 2004 жылмен салыстырғанда 36% өсті. Берілген кредиттер

өткен жылғы көрсеткіштерден қомақты 32,6 мың теңгеден 649,9 мың теңгеге өскен. Занды тұлғалардың төлемдерді аудару есебінен есеп-кассалық қызметте көрсетілген қызметтер үш есе ұлғайтылды.

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

27.1. Оң:

- Қазіргі уақытта Қазақстандағы макроэкономикалық жағдай тұрақты болуда, бұл Банк қызметіне оң әсер ететіні сөзсіз;
- Банктің корпоративті клиенттері, соның ішінде өнеркәсіптік компаниялары, елдің сауда корпорациялары, орта және ұсақ өнеркәсіптік кәсіпорындары көп, олар Банкке басқа банктермен салыстырғанда бәсекелестік артықшылық береді және диверсификациялық және тұрақты қаржы базасымен қамтамасыз етеді.
- Теңге бағамын күшейту және экономиканың тұрақтануы инфляцияның төмендеуіне оң әсерін тигізуде, бұл кредит мөлшерлемелерінің төмендеуіне әкеледі және Банкке кәсіпорындардың көп санын қаржыландыру мүмкіндігін береді, осылайша жалпы Республика экономикасының күшеюіне көмектеседі,
- Несие портфелінің өсуі,
- Банк ірі кәсіпорын холдингінің құрмына кіреді.

27.2. Теріс:

- Банктің бүкіл банктік жүйедегідей кредиттердің толық қайтпау тәуекелі бар. Банк заем алушылардың кепілдікті қамтамасыз ету талап ете отырып, тәуекелін қысқартуға ұмтылуда.
- Қаржы активтерінің нашарлауы және қайтарылмау.
- Бәсекелестіктің әсері ұсынылған банктік қызметтер бағасының төмендеуіне әкеледі.

28. Өз өнімдерін (жұмыстарды, қызметтерді) сатуды ұйымдастыру бойынша эмитенттің қызметі.

- Банк қаржы ұйымы болып табылады, оның негізгі қызметі банктік қызметтер көрсету болып табылады. Банк қызметтерінің және өнімдерінің негізгі тұтынушылары заңды тұлғалар болып табылады.
- Үлесіне өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін жалпы түсімнің он және одан көп бөлігіне ие өнімдер мен қызметтерді тұтынушылар жоқ. Дамып келе жатқан банктік қызметтердің саласында өз позициясын нығайту үшін республикада Банк клиенттік базаны дамытуды негізгі мақсат етіп қояды.
- Үлесіне өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін жалпы түсімнің он және одан көп бөлігіне ие өнімдер мен қызметтерді жеткізушілер жоқ.

29. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

29.1. эмитент қызметінің маусымдылығы, маусымдық сипатқа ие эмитент қызметінің түрлері және эмитенттің жалпы табысында олардың үлесі;

- «Эксимбанк Қазақстан» АҚ маусымдық сипатқа ие қызмет түрлері жоқ.

29.2. Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және акционерлік қоғамның экспортқа шығаратын өнімінің (жұмыстарының, қызметтерінің) таратылатын өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі;

- Банк өнімдер мен қызметтерді импорттамайды. Банк экспорттық қызметтер көрсетпейді.
- 29.3. облигация шығарылымы туралы шешім қабылданған күннен бастап алты айдың ішінде жасалуы немесе орындалуы қажет мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер осы мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын болса;**
- Таяу уақытта жасалуы қажет мәмілелер эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан аспайды.
- 29.4. келешектегі міндеттемелер. Эмитенттің келешектегі міндеттемелері және ондай міндеттемелердің эмитент қызметіне тигізетін кері әсері анықталады, сонымен қатар үшінші жақтардың кепілдемелерімен қамтамасыз етілген өзге эмитенттердің облигациялары бойынша эмитент қызметіне әсер етуі мүмкін эмитент кепілдемелері, сондай-ақ ондай эмитент, облигация саны, кепілдеме шарттары, өтеу күні және кепілдендірілген шығарылым валютасы туралы мәліметтер;**
- Банктің негізгі келешектегі міндеттемелері және ондай міндеттемелер тигізуі мүмкін кері әсерлер жоқ.
- 29.5. эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Нәтижесі эмитент қызметін тоқтатуға немесе шектеуге, оған ақшалай немесе өзге міндеттемелерді салуға алып келетін эмитент қатысқан сот процестерін сипаттамасын беру;**
- «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ нәтижесі Банк қызметінің тоқтатылуына немесе шектелуіне алып келетін сот процестеріне қатыспады.
- 29.6. Соңғы бір жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе соттың эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына салған барлық әкімшілік жазалары туралы мәліметтер. Санкция қабылданған күнді, санкцияны белгілеген органды, санкция түрін және мөлшерін, сонымен қатар санкцияның орындалу дәрежесін көрсету;**
- «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ лауазымды тұлғаларына Қоғамға уәкілетті мемлекеттік органдармен және/немесе сотпен әкімшіліктік жазалар қолданылған жоқ.
- Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің 2006 жылғы 14 сәуірдегі Әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулысына сәйкес «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ әкімшілік құқық бұзышулықтар туралы ҚР Кодексінің (бұдан былай - Кодекс) 168-2 бап 2-бөлімі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды және Банкке айыппұл түрінде 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жаза белгіленді, ол 51500 (елі бір мың бес жүз) теңгені құрады және Кодекстің 168-2 бап 4-бөлімі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды және Банкке айыппұл түрінде 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жаза белгіленді, ол 51500 (елі бір мың мың бес жүз) теңгені құрады. Әкімшілік жазаның жалпы мөлшері 100 айлық есептік көрсеткішті құрады, ол 103 000 (үш жүз мың) теңгені құрады.
- «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ 2006 жылғы 14 сәуірдегі №623 төлем тапсырысымен Алматы қ. Медеу ауданы бойынша Салық комитетінің пайдасына 204101бюджеттік классификация бойынша республикалық бюджеттің табысына 103 000 (жүз үш мың теңге 00 тиын) теңге сомасында айыппұл төледі.

29.7. тәуекел факторлары. Облигация ұстаушыларына әсер етуі мүмкін тәуекел факторларының толық талдауын ұсыну;

- **Қаржы құралдары.** Банктің қызметі қаржы құралдарымен жүргізілетін операцияларды атқарумен байланысты.
- **Кредиттік тәуекел.** Банк кредиттік тәуекелге ұшырайды, себебі қарсы тарап толық соманы белгіленген мерзімде төле алмауы мүмкін. Банк бір заемшыға немесе заемшылар тобына лимитті есептеп, сонымен қатар сала түріне байланысты өзі қабылдайтын кредиттік тәуекелдің деңгейін құрылымдайды. Кредиттік тәуекелге ұшыраушылық нарықтағы қозғалыстан ықтимал тәуекелдермен бірлікте клиенттердің жалпы несиелік шектеулердің бөлігі ретінде басқарылады.
- **Нарықтық тәуекел.** Банк нарықтық тәуекелдерге ұшырайды. Нарықтықты тәуекелдер пайыздық ставкада және валюталық өнімдерде анық позициялардан туындайды, олардың барлығы нарықтағы жалпы және ерекше қозғалыстардың тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін. Банк ықтимал шығындарды мерзімді түрде бағалау арқылы нарықтық тәуекелді басқарады, ол нарық конъюктурасының жағымсыз өзгеруінен шығындар мен марждарды жабу лимиттерін қабылдау және сақтау жолымен, сонымен қатар қосымша талаптар арқылы туындауы мүмкін.
- **Валюталық тәуекел.** Банк өзінің қаржы жағдайына және қолма-қол ақшаның қозғалысына басым шетелдік валюталардың айырбас бағамының өзгеруі әсеріне байланысты валюталық тәуекелге ұшырайды.
- **Пайыздық тәуекел.** Пайыздық ставканың тәуекелі пайыздық ставканың өзгеруі қаржы құралдарының құнына әсер етуден сайып шығады. Банк активтер мен міндеттемелер, баланстық емес құралдар сомалары сәйкес келмеген жағдайда пайыздық ставканың тәуекеліне ұшырайды, өйткені олар белгіленген мерзімде өтелуі немесе қайта бағалануы қажет.
- **Өтімділік тәуекелі.** Банк күнделікті қолма-қол ақшаларға қажеттілікті сезеді. Банк барлық талаптарды қанағаттандыру үшін қажетті қолма-қол ақша деңгейін қолдап тұрады, себебі мерзімі келетін ақшаларды қайта инвестициялаудың минималды деңгейі үлкен нақтылықпен болжануы мүмкін екендігін тәжірибе көрсетіп отыр.

29.8. эмитент қызметі туралы, эмитент өз қызметін атқаратын нарықтар туралы басқа ақпарат.

- «Қазақстан Эксимбанкi» АҚ өзінің бағалы қағаздарын «А» санаты бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізуді жоспарлап отыр.

5. Қаржы жағдайы

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

2006ж 01 шілдедегі жағдай

Атауы	5 % астам баланстық құны	Үлес (%)
Бағдарламалық құрал	24 161	99.83
Өз күшімен әзірленетін бағдарламалық құрал	42	0.17
Материалдық емес активтердің жиыны	24 203	100

31. Баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

2006ж 01 шілдедегі жағдай

Атауы	5 % астам баланстық	Үлес (%)
-------	---------------------	----------

	құны	
Жер, ғимараттар және құрылыстар:	711 302	74.21
Сонымен қатар		
Астана қ. ғимарат, Бейбітшілік к-сі, 2	143 815	
Алматы қ ғимарат, Бөгенбай Батыр к-сі, 80	485 864	
Жер, ғимарат және құрылыстар, 5% кем	81 623	
Компьютерлік жабдықтар	105 316	10.99
Көлік құралдары	100 117	10.44
Өзге негізгі құралдар	41 775	4.36
Негізгі құралдардың жиыны	958 510	100,00

32. Инвестициялар.

мың. теңге

Атауы	01.07.2006
Басқа заңды тұлғалардың капиталына құйылған тікелей инвестициялар	200
Бағалы қағаздардың қоржыны:	51 235
- мемлекеттік бағалы қағаздар	17
- мемлекеттік бағалы емес қағаздар	51 218
- өзге	
Барлық инвестициялар	51 435

33. Дебиторлық берешек.

33.1. Дебиторлық берешектің құрылымы.

мың. теңге

Бап атауы	01.07.06
Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндеттемелер бойынша есеп айырысулар	5 248
Жұмыскерлермен есеп айырысулар	263
Құжаттамалық есеп айырысулар бойынша дебиторлар	-
Күрделі салымдар бойынша дебиторлар	39 754
Мерзімнен бұрын табыс салығы	-
Банктік қызмет бойынша өзге дебиторлар	568 597
Кепілдемелер бойынша дебиторлар	296 725
Банктік қызмет емес бойынша өзге дебиторлар	15 229
Өзге транзиттік шоттар	2 418 388
Банктік қызметпен байланысты дебиторлық берешек бойынша шығындарды жабу үшін арнайы резервтер (провизия)	-450 017
Банктік емес қызметпен байланысты дебиторлық берешек бойынша шығындарды жабу үшін арнайы резервтер (провизия)	-2 487
Жиыны	2 891 700

33.2. Жалпы дебиторлық берешек сомасының 5 және одан көп % мөлшерінде эмитент алдында дебиторлық берешегі бар дебиторлардың тізімі

2006ж 01 шілдедегі жағдай

№ т/б	Кәсіпорын атауы	Дебиторлық берешектің сомасы (мыңтеңге)	Үлес
1	«Еуразиялық Қаржы-Өнеркәсіптік компания» АҚ	267 192	9,24%
2	«Мыңбұлақ» ЖШС	296 725	10,26%

34. Эмитенттің жарғылық және меншікті капиталының мөлшері.

- 2006ж 01 шілдедегі жағдай бойынша «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ жарғылық капиталының мөлшері: 8 091 659 000 (сегіз миллиард тоқсан бір миллион алты жүз елу тоғыз мың) теңгені құрайды;
- 2006ж 01 шілдедегі жағдай бойынша «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ меншікті капиталының мөлшері: 8 460 780 000 (сегіз миллиард төрт жүз алпыс миллион жеті жүз сексен мың) теңгені құрайды.

35. Заемдер.

35.1. Заемдердің құрылымы

2006ж 01 шілдедегі жағдай

Кредитордың толық атауы, пайыздық ставка	Шарт бойынша заем сомасы	01.07.2006ж. заем сомасы мың теңге	Пайыздық ставка	Қамтамасыз ету түрі	Өтеу графигі (АҚШ доллары)				
					2006ж. 3-тоқсаны	2007ж.	2008ж.	2009ж.	2010ж.
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған ұзақ мерзімді заемдер – «Техникалық көмек заеми» - МБРР	500 мың АҚШ долл.	21 816	№ 27-1/4-3 Келісімнің 2.2 тармағына сәйкес пайыздық ставка Заем туралы Келісіммен анықталады. (алынған немесе алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда + 0,5% квалификацияланған қарыз алулардың құнына тең әрбір	Қамтамасыз етусіз	20 855	41 710	41 710	41 710	37 825

			тоқсанның бағамы бойынша мерзімді түрде азайтылатын Заемнің негізгі сомасына төленеді).						
Банктік операциялардың жеке түрлерін атқаратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді заемдер – «Тракторлар жасау және лизинг шарттарында оларды ауылшаруашылық тауар өндірушілерге табыстау»- «ФРМП» ЖАҚ	1млн. АҚШ долл.	13 188	1 %	Қамтамасыз етудің	11111,12				

35.2. Банктің қолданыстағы кредиттік линиялары

2006ж 01 шілдедегі жағдай

Банктің кредиттік линиясының атауы	Валюта	Сом	Ставка	Тарту күні	Өтеу күні
Үндістанның Кредиттік линиясы, «Қазақ Аджанта Фарма ЛТД» БК, Кредитор- «State Bank of India», Үндістан	USD	1 500 005,03	7%	13.04.1996	01.02.2006 ж.*
Жапонияның Кредиттік линиясы, 23.07.1996ж.- 20.12.2020ж. «Темір жолды қалпына келтіру» РМК «Қазақстан темір жолы». Кредитор- ОЕСФ, Жапония	JPY	5 615 850 000,00	3%	01.07.1996	15.12.2020ж.
Германияның Кредиттік линиясы, Секторлық бағдарламалар "Темір жол", "Легпром", "Құрылым.индустриясы", Кредитор- KFW, Германия	EUR	2 108 311,77	2%	26.12.96г.	2005г.-2026ж.

* Төлеу мерзімі ҚР ХФ байланысты;

Банкаралық заемдер

мың теңге

Активтердің (А) немесе міндеттемелердің (М) баптары	01.01.2005ж.		01.01.2006 ж.		01.07.2006 ж	
	сома	А немесе М %	сома	А немесе М %	сома	А немесе М %
Банкке берілетін несиелер және қаражаттар	707400	12,80	156087	1,53	731724	5,28
теңгеде	474700	8,59	-	-	-	-
валютада	232700	4,21	156087	1,53	731724	5,28
Банктерден алынатын кредиттер және қаражаттар	833257	78,53	1557442	38,83	71634	1,33
теңгеде	-	-	1279937	31,91	-	-
валютада	833257	78,53	277505	6,92	71634	1,33

36. Эмитенттің негізгі қызметті атқаруымен байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар).

36.1. Кредиторлық берешектің құрылымы

2006ж 01 шілдедегі жағдай.

Берешек атауы	Сома (мың теңге)
Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндеттемелер бойынша есеп айырысулар	53 896
Акционерлермен есеп айырысулар (дивидендтер бойынша)	-
Жұмыскерлермен есеп айырысулар	16 040
Құжаттамалық есеп айырысулар бойынша кредиторлар	10 699
Күрделі салымдар бойынша кредиторлар	13
Банктік қызмет бойынша өзге кредиторлар	3 606
Банктік емес қызмет бойынша өзге кредиторлар	1 849
Өзге транзитті шоттар	1 318
Шартты міндеттемелер бойынша жалпы резервтер (провизия)	-
Шартты міндеттемелер бойынша арнайы резервтер (провизия)	46 043
Жиыны	142 452

36.2. Жалпы кредиторлық берешек сомасының 5 және одан көп % мөлшерінде эмитент алдында кредиторлық берешегі бар кредиторлардың тізімі

2006ж 01 шілдедегі жағдай

№ т/б	Кәсіпорын атауы	Кредиторлық берешектің сомасы (мың теңге)	Үлес
1	«Институт КазНИПИЭнергопром» ЖШС	10 243	11,59%

6. Бағалы қағаздар шығарылымы туралы мәліметтер

37. Тіркелген бағалы қағаздар.

37.1. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер

- «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ облигация шығармады.

37.2. Акция шығарылымы туралы мәліметтер

жалпы саны	8 091 659 дана
түрі	жай
құрылтайшылармен төленген акциялардың номиналды құны	1 000 теңге
акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшалардың жалпы сомасы	8 091 659 000 теңге
айналымдағы, сатып алынған акциялардың саны, соңғы күнде сатып алу бағасын көрсету	Банктің барлық акциялары акционерлер арасында орналастырылды.
Акцияларды сатып алу әдісін бекіту күні.	Банк акцияларды сатып алу әдістемесін бекіпеді.
Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген орган.	Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі.
Ондай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні.	Акция шығарылымы Мемлекеттік эмиссиялы бағалы қағаздар реестріне енгізілді, нөмірі: А3611, 09 тамыз 2004 ж.

37.3. Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдындағы өзінің міндеттемелерін орындамау, облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлемді кешіктіру), артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлемеу (төлемді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, соның ішінде орындалмаған міндеттемелердің мөлшері туралы мәліметтер және оларды кешіктіру күні туралы мәліметтер, бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылардың сомасы (түрлері және шығарылымы бойынша жеке-жеке);

- Банктің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында өз міндеттемелерін орындамау фактілері болған емес.

37.4. бағалы қағаздарды орнықтыру немесе айналымға шығару уақытша тоқтатылған болса немесе бағалы қағаздардың шығарылымы болмай қалды деп мойындалатын болса, осы шешімді қабылдаған мемлекеттік органды, оны қабылдау күні мен негізін көрсету;

- Банктің бағалы қағаздарын шығару тоқтатылмады және болмай қалды деп мойындалмады.

37.5. облигациялар бойынша төлемдерді өтеу мерзімі және жалпы сомасы;

- Банк бұған дейін облигация шығармады.

37.6. соңғы екі қаржы жылындағы әрбір жыл үшін немесе нақты қызмет еткен кезең үшін бір акцияға (жай, артықшылықты) бөлгендегі дивиденд сомасы, есептелген дивидендтердің сомасын және төленген дивидендтердің сомасын көрсету;

- 2004 жыл үшін 235 467 мың теңге сомасындағы дивидендтер есептелді, 200 147 мың теңге төленді, бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 14,55 теңгені құрады.

- 2005 жыл үшін 242 750 мың теңге сомасындағы дивидендтер есептелді, 206 337 мың теңге төленді, бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 15 теңгені құрады.
- 37.7. эмитенттің бағалы қағаздарының сатылуын жүзеге асыратын негізгі рыноктар, сауданы жүзеге асыратын ұйымдастырушының атауы:**
- Қоғам ұйымдасқан және өзге рыноктарда жай акцияларды саудаға түсірмейді.
- 37.8. эмитентпен бұған дейін шығарылған бағалы қағаздардың әрбір түрінің өзінің ұстаушыларына беретін құқықтары.**
- Банктің Акционерлері Қазақстан Республикасының 13.05.2003ж. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 14-бабында көрсетілген құқықтарға ие.

7. Облигациялардың шығарылымы туралы мәліметтер

- Осы тарау облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде толтырылмайды.

8. Қосымша ақпарат

41-1. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде көрсетіледі:

41-1.1. Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар және қандай жағдайларда облигацияларды ұстаушылар облигацияның мерзімнен бұрын өтелуін талап ете алады:

- Облигациялар бойынша Дефолт – бұл купондық сыйақыны, номиналды құнды және соңғы купондық сыйақыны осы проспектімен сыйақыны және негізгі қарызды төлеу мерзімдері белгіленген күннен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) күннің ішінде төлемеу немесе толық төлемеу. Егер осы мерзім біткеннен кейін Қоғам өз міндеттемелерін орындамаса, облигация ұстаушылардың барлық құқықтары және олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.
- Егер Банк жеңуге болмайтын күш жағдайларына байланысты осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін толық не ішінара орындамаса, онда ол өз міндеттемелерін толық не ішінара орындамағандығы үшін жауапкершіліктен босатылады. Жеңуге болмайтын күш ретінде алдын алуға немесе болжауға мүмкін болмайтын жағдайлар түсіндіріледі (апаттық жағдайлар, соғыс әрекеттері және т.б.). Жеңуге болмайтын күш жағдайлары туындаған жағдайда Банктің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі ондай жағдай және оның салдары созылатын мерзімге ұзартылады.
- Мерзімнен бұрын өтеу қарастырылмаған.

41-1.2. Облигациялар бойынша эмитент қабылдайтын шаралар, облигациялар бойынша сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау жағдайында облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау процедуралары:

- Купондық сыйақыны немесе номиналды құнды Банк кінәсі бойынша төлеуді кешіктірген жағдайда, Банк облигация ұстаушыларға әрбір кешіктірілген күн үшін өсімақы төлейді, ол ақша міндеттемесін немес оның бөлігін орындау күнінде

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына байланысты есептеледі.

41-1.3. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде концессиялық шарттың деректемелері және мемлекеттің кепілдемесін ұсыну туралы Қазақстан Республикасының қаулылары көрсетіледі:

- Банктің облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

41-1.4. Тіркеушінің атауы, оның орналасқан жері, телефон нөмірлері, шарт нөмірі және жасалған күні.

- «Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі» Акционерлік қоғамы («БҚТЖ» АҚ); мекен-жайы: 050096, Алматы қ., Мұратбаев к-сі, 75; тел. 53-57-90, 53-73-54; лицензия №0406200345, 10.03.2005 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен берілді; 31.10.01 жылғы № 000-В-2188 Реестр жүргізу шарты.

42. Облигациялар айналымындағы шектеулер.

- Шектеулер жоқ.

43. Эмитенттің облигациялар шығарылымына жұмсаған шығындар сомасы және ондай шығындар қалай төленетіндігі туралы мәліметтер.

- Банктің облигациялық бағдарламаны шығаруға кеткен шығын сомасы шамамен 6 000 000 (алты миллион) теңгені құрайды және оған кіреді:
 - 1) қаржы кеңесшісінің қызметтері;
 - 2) тәуелсіз тіркеушінің қызметтері;
 - 3) кіру және жыл сайынғы листингтік алымдарды төлеу;
 - 4) өзге қосымша шығындар.

44. Инвесторлардың Эмитент жарғысының, облигациялар шығарылымы проспектісінің, облигацияларды орналастыру нәтижелері туралы есептің көшірмесімен таныса алатын жерлер, эмитент қызметі туралы ақпараттарды жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпарат.

- Ықтимал инвесторлар жарғының, облигациялық бағдарлама проспектісінің және облигациялар шығарылымы проспектісінің көшірмесімен және басқа да ақпаратпен облигациялық бағдарлама шегінде және Банктің атқарушы органы орналасқан жер бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050012, Бөгенбай батыр к-сі, 80, тел.: +7 3272 66-30-96.

Басқарма Төрағасы

Амирханов Е.А.

Бас бухгалтер

Ример Н.Г.

МО